

"Ақтөбе қаласында екі ауданды құру және қала аудандарының шекараларын белгілеу туралы" Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2018 жылғы 30 наурыздағы № 1919 бірлескен қаулысы және Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы № 314 шешіміне толықтыру енгізу туралы

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2019 жылғы 10 қаңтардағы № 77 қаулысы және Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2019 жылғы 10 қаңтардағы № 409 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Ақтөбе қаласы "Астана" ауданының Әділет басқармасында 2019 жылғы 16 қаңтарда № 3-1-227 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13 бабының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 31 баптарына сәйкес, Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2018 жылғы 30 наурыздағы № 1919 және Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы № 314 "Ақтөбе қаласында екі ауданды құру және қала аудандарының шекараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-1-182 тіркелген, 2018 жылғы 16 сәуірде электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) бірлескен қаулысы және шешіміне келесі толықтыру енгізілсін:

келесі мәтіндегі 2-1 тармақпен толықтырылсын:

"2-1 Ақтөбе облысының өкілді және атқарушы органына Ақтөбе қаласының Кенес Нокин, Ақшат, Белогор, Белогор карьері, Беккұл баба, Қызылжар, Пригородный, Садовое, Украинка, Өлке, Шиелісай, Жаңақоныс, Құрашасай, Жіңішке, Шестихатка, Құрайлы, Георгиевка, Елек, Өрлеу, Қарғалы, Ақжар, Мағаджан, Сазды ауылдарын тұрғын үй алаптарына қайта құру жөнінде ұсыныс енгізісін."

2. "Ақтөбе қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен қаулыны және шешімді аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу;

2) осы бірлескен қаулыны және шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бірлескен қаулыны және шешімді Ақтөбе қалалық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе қаласының әкімі
Ақтөбе қалалық
мәслихатының сессия төрағасы
Ақтөбе қалалық
мәслихатының хатшысы

І. Испанов
А. Сакиев
С. Шынтасова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК